



С. Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



ҚАЗҰМУ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ



**Ұлы ақын Жамбыл
Жабаевтың
туғанына 175 жыл**

Өмірбаяны



Жамбыл Жабаев – ақын-импровизатор, қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы, қазақстанның ең танымал ақындарының бірі. Ол 1846 жылы 28 ақпанда Шапрашты руынан шыққан Жабай есімді көшпенді қазақтың отбасында дүниеге келді. Отбасылық тарих бойынша, Жамбылдың анасы Ұлдан, Жамбылдың атасы Ыстыбайдың ауылы шапқыншылардан қашып жүрген кезде босанған. Яғни, ұлт мақтанышы Жамбыл тауынының маңында, қазіргі Отар станциясының солтүстік-шығысында, Шу өзенінің жоғарғы жағында дүниеге келген. Сөйтіп, баланы таудың құрметіне орай Жамбыл деп атады.

Жамбыл - әрі эпик, әрі айтыс ақыны; абыз жырау әрі жауынгер жыршы. Ол шын мағынасындағы биік парасатты өнерпаз, азаматтық саяси поэзияны қалыптастырушы. Жамбылдың ұлылығы оның тек ақындық шеберлігімен ғана емес, сонымен бірге халық поэзиясының бұтақ жайған жаңа бір бәйтерегі болуымен, басқаша айтқанда, халық ақындарының жасампаздық рухтағы жаңа ұлы көшін бастаған даралығымен де өлшенеді. Оның сөздері ұранға айналып, өзі халық поэзиясының атасы аталды. Ол жыраулардың байтақ эпикалық дәстүрін, қазақ сөз өнеріндегі ғажайып импровизациялық үрдісті бүтіндей жаңа арнаға бұрып, оған жаңа мазмұн дарытты. Жамбыл – ізгілік жолындағы азатшыл азаматты нәсіліне, ұлтына бөлмеген шын мәніндегі интернационалист ақын. Жамбыл - жырдың толассыз бұлағы, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы. Ол жасампаз ұрпақпен сырласындай, қимасындай мәңгі бірге жасай береді.

Қазақтың ұлттық мәдениеті мен әдебиетіне сіңірген еңбегі үшін Жамбыл Ленин, Еңбек Қызыл Ту, “Құрмет белгісі” ордендерімен марапатталды. 1941 ж. Сталиндік сыйлықтың лауреаты атанды. Жамбылдың есімі Қазақстанның бір облысына, бірнеше ауданға, бірқатар елді мекендерге, мекемелер мен оқу орындарына, өнер ордаларына берілді.

1945 жылы 22 маусымда Жамбыл дүние салды.

1946 жылы ақпанда Қазақстан жұртшылығы даңқты ақынның жүз жылдығын салтанатпен атап өтті. Мерейтойына қарай ақынның таңдамалы шығармаларының академиялық жинағы орыс және қазақ тілінде басылып шықты.



Жамбылдың қанатты шабытпен дүниеге келген шығармалары әлемнің ондаған тіліне аударылып дүние жүзіне тарады. Жамбыл көзінің тірісінде ақ КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алып, өзінің де, халқының да даңқын дүйім дүниеге паш етті. Жамбыл бейнесі қазақ өнерінің барлық түрінде, барша жанрында шабытпен бедерленіп, ұлттың рухы биік ұлы тұлғасы екенін әйгіледі.

Өлеңдер

- Атаның әлдиі
- Балаларға
- Балама хат
- Бесік жыры
- Жастық жыры
- Жаңа жыл
- Жаңа жыл сәлемі
- Жеңіс жырын
сайрандар
- Жүз жасаған
жүректен

Ленин
Ленинградтық
өренім
Шәкірт балаларға
Октябрь толғауы
Сәлем саған
комсомол
Сыйлық
Туысқан ел
Чапай
Халық
туысқандығы
Өнердің өсуі есік
жыры





Айтыстар

Жамбыл мен Айкүміс

Жамбыл мен Құлманбет

Жамбыл мен Шашубай

Жамбыл мен Досмағанбет


Дастандар

Өтеген батыр

Сұраншы батыр

Көрұғлы

Бақ, дәулет, ақыл



У многих народов мира существовали поэты - создатели подлинных шедевров мирового фольклора. Одним из них по праву остается Жамбыл Жабаев, известный за пределами нашей родины как Джамбул Джабаев, - казахский виртуоз поэтической импровизации, непревзойденный мастер лирики и одновременно острой публицистики.

Творчество акына, неистощимое по своей поэтической и социальной многогранности, вызывало восхищение не только на его родине, но и далеко за ее пределами. Жамбыл издавался на многих языках как в СССР, так и за рубежом. О нем самом до сих пор пишут статьи, защищают диссертации; его стихи давно вошли в учебники. Среди тех, кто в свое время писал о Жамбыле, были Р. Роллан, М. Шолохов. П. Тычина, Н. Тихонов, К. Симонов и другие видные литераторы и исследователи. Современники отдавали дань великому поэту потому, что он, быть может, как никто другой, был певцом и глашатаем братства и дружбы людей.



Халық поэзиясының алыбы, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның халық ақыны Жамбыл Жабаевтың екі томдығы 1946 жылы жарық көрген академиялық толық жинақтық негізінде құрастырылды. Сонымен бірге бұл кітапқа ақынның бұрынғы басылымдарда жарияланған және республика архивтерінен жаңадан табылған шығармалары қосылды.


Бірінші томға Жамбылдың революцияға дейінгі лирикалық, философиялық, сатиралық өлеңдері мен тарихи-эпикалық жырлары енгізілді.

Екінші томға Жамбылдың Ұлы Октябрь социалисты революциясының шапағатын, данышпан Ленин мен Коммунисты партияның кеменгерлігі, совет халқының жасампаз еңбегі мен Ұлы Отан соғысындағы қаһармандық ерлігін суреттейтін жырлары және көңіл-күй лирикалары енгізілді.

Жиырманасыншы ғасырдың Гомери атанған, бір ғасыр жасаған Жамбыл Жабаевтың өмірі мен ақындық қызметі жөнінде Совет Одағындағы барлық халықтардың ақын, жазушы, зерттеушілері, шетел әдебиетінің өкілдері де ұлағатты сөздер айтқан.

«Дастан-ата» - кезінде Жамбылдың көзін көріп, қасында бірге жүрген, талай әңгіме-сұхбат құрған белгілі жазушы, өнер қайраткерлерінің естеліктерінен құрастырылған. Кітап М. Әуезов, С. Мұқанов, Г. Мүсірепов, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Н. Тихонов, Ш. Айтматов, М. Бажан, П. Кузнецов, М. Тұрсын-заде, Т. Сыдықбеков, Г. Орманов т.б. естеліктерін қамтыды.

«Дастан-ата» кітабына ұлы ақынның әрқилы кезеңде жазушы, қоғам қайраткерлерімен түскен, сирек кездесетін фотосуреттері де еніп отыр.





Жамбыл пайдаланган заттар





Жамбыл Жабаев мұражай-үйіне фотошолу



Жамбыл мен күйші Дина



Жамбыл ескерткіштері





*Назарларыңызға
рахмет!*

